# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Мектепалды** сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** **1-апта** 03 - 07 наурыз 2024-2025 оқу жылы
**«Біртұтас тәрбие» Тәуелсіздік және отаншылдық айы «Апта дәйексөздері»- «Патриотизм - ата-анаңды құрметтей білуің...» (Б.Момышұлы)**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 03.03** | **Сейсенбі 04.03** | **Сәрсенбі 05.03** | **Бейсенбі 06.03** | **Жұма 07.03** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **«Дұрыс көрсет, ажырат»** **Мақсаты**: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады. | **«Өзім және отбасым»** **Мақсаты**: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** **Мақсаты**: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі. | **«Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты**: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады | **Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты**: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну. |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар )** | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** **Санамақ** Көпшілік қатысады.Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады.Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай,кідірмей аттап жүріп айтуы керек.Тоқтамай қателеспей айтып шықса,жүлде алады.Егер қателессе ойыннан шығады. | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** **Қарамырза** Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам,бірінш | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** **Айдапсал.** Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен нөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** **Шертпек.** Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** **Белбеу соқ** Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | і карамырза» -деп жуап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады.<br>Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді | қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді | егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. | орнын келесі ойыншы басады |
| | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **Менің Қазақстаным**<br>**ҚР гимні**<br>**Психомоторлық жаттығу:**<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ақ жаңбыр.<br>(Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды)<br>Астан-кестен жауатын,<br>Өткінші енді біз жаңбыр.<br>(Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред) | **Психомоторлық жаттығу:**<br>Әппақ болып таң атты,<br>Түтін тіке шығады.<br>Қарлығаштар қанатын<br>Самғап биік ұшады. | **Психомоторлық жаттығу:**<br>Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жадырап,<br>Судай таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық | **Психомоторлық жаттығу:**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | **Психомоторлық жаттығу:**<br>Күндей жадырап,<br>Айдай арайлап,<br>Жұлдыздай жадырап,<br>Судай таза көңілмен,<br>Бүгінгі күнімізді бастайық |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>Кім ақылды?<br>**Міндеті**: -<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру<br><br>–Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен таныскқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін.<br><br>Кім ақылды?<br>Ерден мен Еркебұлан | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз не білеміз?<br>**Міндеті** :- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br><br>Ойын: «Сөз тізбегі»<br>Педагог балаларға допты беріп сөз айтады, бала сөз аяталған дыбыстан басталатын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қатысады. Сөздің басындағы және соңындағы | **Сауат ашу негіздері**<br>Үйренгендерімізді қайталаймыз<br>**Міндеті:- -** Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту<br><br>«Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді. Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеті**:- Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту.<br><br>Педагог балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді. «Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны (Педагог суреттер көрсетеді) – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап | **Көркем әдебиет**<br>Көктемнің сәні<br>**Міндеті:** - Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Сурет бойынша ертегі құрастыруға жетелеу. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.<br>Ғажайып жағдаят – Балалар, қарандаршы, бүгін біздің сиқырлы қоржынымыз үлкейіп кетіпті. – Оның ішінде не бар екен? Қоржыннан ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын алып, |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде колдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі карсы келіп, түйісіп калды. Ерлен: –Мен саған жол бермеймін! – деп, каскайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: –Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ кою аркылы сұрайды. –Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма? –Әңгіме кімдер туралы? –Екі бала не істеп жүр еді? –Олар неге таласты? –Екі баланың қайсысы ақылды екен? –Неге ақылды, қай іс әрекетіне карап ақылды екенін білдің дер? әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші | дыбыстарды мұкият тыңдау, дұрыс айту ескертіледі. Мысалы: алша-алмұрт-тарак-кант-тау-уык-калам-мал-лақ-казан-нағашы-ыдыс- сағыз зәкір-рауғаш-шар-радио-ожау-уыс-сәбіз, Зарина-алқа-аю. «Дыбысты тап» дидактикалық ойыны 1. Қоңыз сөзінде дауысты «о» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. 2. Қозы сөзінде дауысты «ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. 3. Қораз сөзінде «а» дауысты дыбысы нешінші буында естіліп тұр. 4. Тауық сөзінд» ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. «Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны (Педагог суреттер көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: ыдыс (ы), уык (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешкі(е), элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймак(о), ұлу(ұ), апельсин (а), октау (о), ұя (ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө(, етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар? – Дауысты | ор-, ка-, [с], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жана, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, кыш-, доп, қол, бол, сал, мал, тау, кы-, тық-, ем-, ек-,іс-, -діз. «Дұрыс санды таңда» дидактикалық ойыны Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді, ал олар суретте неше буын болса, сонша сан жазылған карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп – доп сөзінде 1 буын,1 саны жазылған карточканы көрсету керек . Тапсырманы өзгертуге болады. «Сөйлем құрай аламын» дидактикалық ойыны Көрнекілігі: «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда»,«Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер. Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем балабақшаға келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады | айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір команламен содан кейін екінші команламен ойнайды. Мысалы: өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), октау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уык (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү),)т.б. «Дыбыстын сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалык жаттығуы Педагог сағат, асық, кас сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, с дыбысының орнын табуды тапсырады.Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты бояйды. «Орамал тастамақ» дидактикалық ойыны Ойын шарты: педагог дыбысты айтып, балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Педагог балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша немесе асықтар үлестіріп отырады. Сабақтың соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз белгіленеді | көрсетеді. Оларды атап, кимылын, дауысын, жүрісін салуды ұсынады. – Осы андардын ішіндегі ен батылы, үлкені кай аң? (Арыстан) – Арыстан бір күні барлык аңдарды жинапты. Не үшін жинағанын біз «Көктемнің сәні» ертегісінен білеміз. Ертегіні толык оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы косымшадан караныз). Сөздік жұмысы: нөсер – катты жауатын жаңбыр жасыл желек – жасыл өсімдіктер Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі калай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін жинады? Қандай аңдар жиналды? – Арыстан кандай сұрақ койды? Аңдар не деп жауап берді? Елік дұрыс айтты ма? «Көктемнің сәні – гүл, көбелек, құстар, Күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп» сөздерін педагог жоғары, орта, төмен дауыспен қайталатады. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбыстардан басталатын сөздер. – Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? – Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. | | | |

**«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту. Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу**

| | | |
|---|---|---|
| **Табиғат. Су. Суды үнемдеу жолдары.**<br>Су – жер бетіндегі таңғажайып жаратылыс. Сусыз өмірімізді елестетудің өзі қорқынышты. Су - тіршілік көзі. Сусыз тіршілік ететін ағза кездеспейді.Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысуымен жүреді. Су табиғаттағы ең көп тараған зат. Жер бетінің үштен екі бөлігін су қабаты алып жатыр.<br>Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:<br>- қажетсіз суды босқа ағызбау;<br>- ыдысты жабық раковинада жуу;<br>-кір жуған кезде кір жуғыш машинаны толық толтыру;<br>- ыдысты қолмен жуған кезде ыдыс жууға арналған құралды аз қолданғанымыз жөн. Осылайша таза суға салғанда су аз кетеді. Жуылған табақтарды шүмектің астында жинағаннан кейін таза сумен шайған суды үнемдейді.<br>Тұрмыста қолданылатын қарапайым үнемдеу әдістері арқылы судың қорғалуына көмектесуге болады. Суды қорғау өмірді қорғау деген сөз. Суды үнемдеуді өзімізден бастайық! |  |  |

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Казакстанның өзен көлдеріндегі жануарлар<br>**Міндеті:** - Казакстан өзен-көлдерін мекендейтін жануарлармен және балыктың құрылысы, оның тіршілігі туралы түсіндіру<br><br>Сазан – кабыршағы ірі, тұщы суы бар өзен, көлде өсетін балык. Еділ, Жайық, Жем өзендерінде, Шалкар, Зайсан, Балкаш көлдерінде кездеседі. Сазанның еті дәмді болады. Қазіргі уакытта өзен-көлдердің суы тартылуына байланысты азайып, дене тұрқы кішірейіп кетті. Табан балык ағысы жай барлык су алаптарында тараған. Колдан өсіруге де болады. Балыктардың дене бітіміне көз салыңдар, балыктардың денесі неше бөліктен тұрады? – Балыктардың денесі үш бөліктен тұрады: басы, денесі, құйрығы. Дене бөліктері немен жабылған? – Олардың денесі кабыршактармен жабылған. Қабыршактар балыктардың денесін жаракаттанудан сактайды. – Суда калай козғалады, козғалуға нелер себеп болады? – Суда жүзбеканаттардың көмегімен жүзеді. – Балыктар калай көбейеді? – Олар уылдырык шашады, олардан ұсак шабактар өсіп шығады. Уылдырык деген – балыктардың ұрығы. – Олар | **Математика негіздері**<br>Заттармен әрекет<br>**Міндеті:** -Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды кайта біріктіру<br><br>«Қай корапта көбірек?» ойыны. Педагог ойынға көлемі жағынан ерекшеленетін бірнеше корапты ұсынады. Бұл жағдайда үлкен корапта кішігірім қораптан гөрі көп заттар болуы мүмкін. Алдымен қораптар толық болады. Балалар заттардың қай жерде көп, қай жерде аз екенін болжайды. Қайта санау арқылы тексереді. Содан кейін балалар топтарға бөлінеді және қазірдің өзінде заттарды кораптарға салып, басқа топка қай қорапта көбірек заттар бар екенін аныктауды ұсынады. Бұл сонымен катар заттар санын салыстыру қабілетін дамытуға көмектеседі. Қайта санағаннан кейін балалар сандары бар карточкаларды алып, оларды көрсетеді (жәшіктерге бекітіледі). Педагог заттарды бір қораптан екі қорапқа (банкалар, табақтар) бөліп салуды ұсынады. Әр қораптағы заттарды санап, сондай цифрлары бар карточкаларды табады – Қанша зат болды? Біз қандай бөліктерге бөлдік. «Окиык»: 5 – бұл 1 және 4. 5 затты тағы қалай | **Математика негіздері**<br>Ұзынырак – кыска, биік – аласа<br>**Міндеті:** -Шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырак (кыска), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету<br><br>Проблемалык-іздеу тапсырмасы. – Жолдың ұзындығын қалай салыстыруға болады? Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады. (Бір-біріне беттестіру, тұстастыру). – Жолдарды салыстыруға бола ма, оларды қабаттастыруға немесе қатар қоюға бола ма? – Заттың ұзындығын өлшеудің басқа қандай жолдары бар. Кез келген затты шартты өлшеуішпен өлшеуге болады. Шартты өлшеуіш кесінді, шілтер, қалам немесе кез келген зат болуы мүмкін. – Бүгін бізде шартты өлшеуіш қағаз кесіндісі болады. Қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Мен шартты өлшеуішті өлшенетін заттың өлшем бұрышының басына сәйкес келетіндей етіп қоямын. Шартты өлшеуіштің шеті қайда? Мен сол жерді белгілеп кетемін. Келесі өлшем сол белгіленген жерден басталады. Балаларға жолдарды (арқандар немесе кесінділер) таратады. Педагог өлшеуіштің шеті жолдың (рельстің) шетіне сәйкес келетіндігін еске салады. Балалар өлшемдер санын есептейді, цифры бар карточканы көрсетеді. Олар қай жерде өлшемдер көп екенін айтады. Біз кай жолдың ұзын екенін білдік. Сондыктан Әлия мен Сырымның дауы шешілді. Сырымның темі жолы Әлияның салған темір жолына карағанда ұзындау немесе баскаша айтканда Әлияны салған темір жолы Сырымның салған темір жолынан | **Математика негіздері**<br>Кен – тар, жуан – жіңішке, калын – жұка<br>**Міндеті**: -Шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырак (кыска), жоғары (төмен) және оған тен заттарды табуға үйрету.<br><br>«Не өзгерді?» дидактикалык ойыны. Педагогтің үстелінде бірнеше заттар бар. Педагог заттардың орналасуын есте сақтауды және көзді жұмуды сұрайды. 127 Балалар заттардың бір-біріне катысты калай орналасканын есте сақтайды. Содан кейін олар көздерін жұмады, осы уакытта педагог бір, екі затты ауыстырады. Көздерін ашып, балалар болған өзгерістер туралы, заттар бұрын тұрған және қазір кайда болғандығы туралы айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне орналасуын білдіретін сөздерді қолдануға шақырады, мысалы, қоян мысықтың сол жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр. Практикалық жұмыс. Педагог балаларға жүгінеді: сіздің табақтарыңызда көк және қызыл қағаз кесінділері бар. Жасыл кесінді-шартты өлшеуіш. Кесінділердің қайсысы жалпақ екенін тәжірибе жасап дәлелде. Балаларға шартты өлшеуіш ретінде Lego ойыншык бөлшектерін немесе қағаз кесінділерін таратады. Кесінділерде осындай өлшемдердің қаншасын бар екенін санауды сұрайды. Балалар шартты өлшеуішпен кесінділердің енін өлшейді. – Қай кесінді жалпақ? – Неліктен қызыл кесінді жалпақтау? – Қызыл кесінді қанша шартты өлшеуішке тең? – Көк кесінді канша шартты өлшеуішке тең? Қорытынды жаса, кызыл кесінді көкке қарағанда жалпақтау немесе басқаша айтуға | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдығы<br>**Міндеті:** - Балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру<br><br>– Киіз үй кандай екен? – Киіз үй дөңгелек болады. – Киіз үйді көбінесе кай жерге тігеді? –Киіз үйді жайлауға шыкканда тігеді. «Жайлау» такырыбында интербелсенді тактадағы суретпен жұмыс. Қырағы балаларды жайлауға конакка шакырады. Жайлау – жазғы коныс. Жайлауды суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Қазір де малшылар жазғы жайылымды жайлау ретінде пайдаланады, жайлауға көшеді. Қой, түйе, сиыр жайлауға шығарылады. Ата-бабаларымыз киіз үй көшіп қону үшін ыңғайлы болғандыктан, оны пайдаланған. Қазір де малшылар киіз үйді пайдаланады. Енді киіз үй және оның бөлшектерімен танысайык. Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашкы сәулеттік құрылыс. Кереге, шанырак, уык, сыкырлауык – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Соның ішінде кереге – киіз үйдің негізгі канкасы. Ол талдан, жіңішке қайыңнан |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай тыныс алады? – Олар желбезегі арқылы судағы еріген ауамен тыныс алады. – Шортан балықтың дене пішіні қандай? – Ұзынша келген, қабыршықтары майда, көзге байқалмайды. – – Балалар, балықтар да аңдар сияқты жыртқыш болады. Шортан – жыртқыш балық, оның тістері үшкір, ұсақ шабақтармен қоректенеді. Ойын: «Қармаққа не түсті?» Сергіту сәті: Ойын: «Қанша балық ауладық?» (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балықтар да қорғауды қажет етеді, сондықтан оларды бей-берекет аулауға болмайды. | ылыраттуға болады? (2 және 3). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Қапта қанша дөңгелек бар? Қапта қанша шаршы бар. Оларды ата. Фигураларды үлкен қапқа салды. Қапта барлығы қанша фигура болды? Цифрды қоршап сыз. 2-тапсырма. Себетте қанша алма бар? Сана. Себетте қанша алмұрт бар? Жемістерді үлкен себетке салды. Себетте барлығы қанша жеміс болды? Цифрды қоршап сыз. 3-тапсырма. Шеңберлердегі нүктелерді тіктөртбұрышқа «сал». Олардың саны қанша болды? Суретін сал. Тіктөртбұрыштан нүктелерді екі шеңберге бөліп «сал». Екінші шеңберде қанша нүкте болды? Суретін сал. | қысқа. Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Пойызда қанша вагон бар? Қысқасын белгіле. Олардың ұзындығы бірдей болатындай етіп, суретін сал. Педагог әр пойыздағы вагондардың санын есептеуді ұсынады (вагон-шартты өлшеуіш ретінде) олардың санын атаңыз. – Қай пойыздың қысқа екенін белгіле. Ұзындықтары бірдей болу үшін тағы вагондар суретін сал. Балалар әр пойызға жалғанған вагондарды санайды, пойыздардың ұзындығы бірдей болатындай вагондардың суретін аяқтап салады. | болады, көк кесінді қызылға қарағанда тар | жасалады. Қазақ халқы ерте кезден бастап мал бағып, өсірумен айналысқан, сондықтан көшіп-қонып өмір сүрген. Әр жылдың ерекшелігіне қарай малды көбейтіп ұстауға жағдай жасаған. Жайлауды да таңдап, шөбі мен суы мол жерге барып қонған. Қысқы қыстауды өзен жағасына қамыс өскен, таулы қыраттар және орманды, мал боран соққан кезде ықтал таба алатын, қар астындағы шөпті тұяғымен аршып жеуге ыңғайлы жерге орналастыратын. (Қыстау – көшпенді халықтардың қыс мезгілінде мекенге қоныс аударуы). Қазақтар өздерінің көшіп-қонуына аса жауапкершілікпен қараған. Күзде күзеуге көшіп, бірінші суық түскенше сол жерде малды бағып отырған. (Күзеу – күзгі жайылым, малдарды әлі шөбі бар, күздік алаңқайға жаю үшін қоныстанатын жер). Педагог балаларға киіз үй макеті тұрған жерге жақындауын өтінеді. |

**Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» « Алатау» күйі**

**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту.**

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | |  | |  | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қазақ тілі**<br>Әсем қала – Алматы<br>**Міндеті:** -Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br><br>Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату.<br>– Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы).<br>Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, диск көрсетеді. Интербелсенді тақтада Алматымен таныстыру.<br>– Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе.<br>Медеу, Көктөбе туралы | **Қазақ тілі**<br>Қолғап ертегісі<br>**Міндеті** -Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту<br><br>Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды?<br>Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді.<br>Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді.<br>– Ертегі ұнады ма?<br>– Ертегіде кімдер бар?<br>– Мынау – қолғап.<br>– Мынау не? (Қолғап).<br>– Бірінші кім келді? (Тышқан)<br>– Тышқан қандай?<br>– Тышқан кішкентай.<br>– Екінші? (Бақа)<br>– Бақа не деді?<br>– Бақа не істейді?<br>– Тышқан не деді? | **Сөйлеуді дамыту**<br>Мамандықтың бәрі жақсы<br>**Міндеті:** - Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту<br><br>Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді<br><br>Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды.<br>Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Дикан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды. Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады | **Көркем әдебиет**<br>Таңғажайып табиғат<br>**Міндеті:** - Табиғат сұлулығы туралы түсінігін кеңейту. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.<br><br>– Бүгін біз «Таңғажайып табиғат» атты интеллектуалды ойын ойнаймыз. Сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысамыз. Оң қанаттағылар «Алғырлар» тобы, сол қанаттағылар «Тапқырлар» тобы болады. Әр топтың дұрыс жауабы бір жұлдызбен бағаланады. Ойын бес бөлімнен тұрады. 1. Сәлемдесу. 2. Мен бастаймын, сен аяқта. 3. Ойланып, аяқта. 4. Ойлан, тап! 5. Кім байқағыш? Екі топ сәлемдесеміз. Бірінші: «Сәлемдесу» – екі топ бір-бірімен сәлемдеседі. Екінші: «Мен бастаймын, сен аяқта» – балалар суреттерді қимылмен көрсетеді. Үшінші: «Ойланып, аяқта» ойынында сәйкес сурет пен сөзді сызып қосады. Төртінші: «Ойлан, тап!» – жұмбақты шешеді. Бесінші: «Кім байқағыш?» – екі суреттің айырмашылығын табады. Сөздік жұмысы: алғыр – зерек, зерделі | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>Қуыршақтың камзолы<br>**Міндеті:** - Қазақ оюларының элементтерімен камзолды әшекейлеу<br>-Аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру,жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау<br>-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию<br>- Өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>**Топтық жұмыстар** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кыскаша айтып өту.<br>– Алматы кандай кала екен?<br>– Алматы – әдемі, әсем<br>кала. Әдемі, әсем | – Соңгы кім келді? (Аю)<br>– Барлыгы нешe болды? (6)<br>– Аю кандай?<br>– Аю үлкен<br>– Аю калай жүреді? | | тапкыр – тез тауып айту 1. Екі топтың сәлемдесуі. «Алгырлар» тобы. Табигат – біздің анамыз. Табигатка баламыз. «Тапкырлар» тобы. Табигатты коргайтын. Біз әдепті баламыз. Үлестірмелі материалмен жұмыс 2. Мен бастаймын, сен аякта Әр топка жануарлардың суреті беріледі. Балалар жануарды кимылмен көрсетеді. 3. Ойланып, аякта Ат шабады, мысык .... . (миялайды) Карга ұшады, балык .... . (жүзеді) Кой маңырайды, каскыр .... . (ұлиды) Ит үреді, сиыр .... . (мөңірейді) | |

**Кауіпсіздік сабагы : ««ҮЙДІҢ МЕКЕНЖАЙЫН, АТА-АНАЛАРДЫҢ НӨМІРЛЕРІН ЖАТҚА БІЛЕМІЗ»**

**Максаты: төтенше жагдайда акпаратты бере алуы үшін балаларды үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін есте сактауды және дұрыс айтуды үйрету.**

**Дидактикалык ойындар** Үйдің мекенжайын есте сактауга үйрету: Тәрбиеші үй мекенжайының не екенін түсіндіреді (көше, үй нөмірі, пәтер). Мысалы: «Менің мекенжайым: «Конаев көшесі, 10-үй, 5-пәтер». Тәрбиеші балалардан мекенжайын кайталауды сұрайды. Мекенжайын білмейтін балаларга есте сактауга көмектеседі. Тәрбиеші түсінікті болу үшін мекенжайлары бар карталарды пайдаланады. Ата-аналарының (заңды өкілдердің) телефон нөмірлерін есте сактауды үйрету: Тәрбиеші әр телефонда ата-анамызга коңырау шалуга болатын нөмір бар екенін түсіндіреді. Мысалы: «Менің анамның телефон нөмірі: 8701 980 5665» Тәрбиеші балалардан ата-аналарының телефон нөмірлерін кайталауды сұрайды. Ата-анасының телефон нөмірін білмейтін балаларга есте сактауга көмектесу. Педагог түсінікті болу үшін сандар берілген карточкаларды пайдаланады. «Хат жолда» ойыны Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог балалардың біріне «хат» (ойыншык немесе кагаз) береді. Балалар хатты ата-аналарының мекенжайын немесе телефон нөмірін айта отырып, шеңбер бойымен бір-біріне жібереді. «Телефон» ойыны Балалар сапка тұрады. Тәрбиеші балалардың бірінің кұлагына мекенжай немесе телефон нөмірін айтады. Балалар бұл акпаратты соңгы балага жеткенше тізбек бойынша







**Пайдалы сілтеме: https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij**

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сыбырлапайтады, ол естігенін дауыстап айтуы керек | | | | | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>Біз футболшымыз<br>**Міндеті**: Футбол элементтері. Берілген бағытка допты оң және сол аякпен тебу<br><br>Футбол ойын элементтері-допта бір-біріне теуіп домалатып беру.Допты келергілер арасынан алып жүру<br><br>Допты какпаға тебу-какпаға бір баланы койып тепкізу. | **Музыка**<br>Ақ әжем<br>**Міндеті** - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру<br><br>Музыка тыңдау:<br><br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>Ән айту:<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>Билер:<br>«Полька» эстон халық биі<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Янка» беларусь халық биі | **Дене тәрбиесі**<br>Тату бола білеміз<br>**Міндеті**: -Допты заттарды айналдыра жүргізу<br><br>«Қанбақтар» (3 рет)<br>Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.<br>Белгі бойынша алғашкы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, кажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен кайта кайтып, колындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аякпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады. | **Дене тәрбиесі**<br>Тату бола білеміз<br>**Міндеті**: -Допты какпаға тебу<br>Допты бірнеше рет аякпен кабырғаға тебу<br><br>Заттарды тік нысанаға лактыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға карай шұғыл шығарып, колды айналдыра сермеп лактыру дағдыларын дамыту<br><br>**«Жігіттер» (3 рет)**<br>Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арканы тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсак секіріп кайта кону. | **Музыка**<br>Ана – өмір шырағы<br>**Міндеті**: - [illegible]<br>[illegible] сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету<br><br>Музыка тыңдау:<br>«Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)<br>Ән айту:<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Лентілармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)<br>«Полька» (эстон халық биі)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов) |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | Наурыз<br>Серуен-Бақылау №1<br>**Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>*Мақсаты*<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету.<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші:<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>… құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>… дән себеді. (көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>… баптап өсіреді. (жазда)<br>Диқандар жемісін,<br>… жинап береді. (күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Өленде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>Жеке жұмыс:<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>*Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн | Наурыз<br>Серуен-Бақылау №2<br>**Бақылау:** Қайың ағашын бақылау<br>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жас шыбық»<br>А. Меңдібай<br>Көшетін әкеп қайыңның,<br>Отырғыздым аулаға.<br>Жіп-жіңішке жас шыбық,<br>Өспейді деп ойлама.<br>Жас шыбық өсіп толады,<br>Әсем қайың болады,<br>Суғарып, күтіп, баптасам.<br>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діні жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.<br>Жеке жұмыс<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?<br>*Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?<br>*Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? | Наурыз<br>*Серуен-Бақылау №4*<br>**Бақылау:** *Итті бақылау*<br>Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру.<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>Жеке жұмыс<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктеркөбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы.<br>Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор | Наурыз<br>Серуен-Бақылау №5<br>**Бақылау:** Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты: әлемді жанды түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыру мен жалғастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұлт» Ә. Айымбетұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы<br>*Жеке жұмыс*<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.<br>• Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>• Бүгінгі бұлттар қандай?<br>• Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>• Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br>Еңбек<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу<br>Қимылды ойын: **Өз үйіңді тап**<br>Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» дегеннұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.<br>Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). | Наурыз<br>Серуен-Бақылау №6<br>**Бақылау:** Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты: әлемді жанды түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыру мен жалғастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұлт» Ә. Айымбетұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы<br>*Жеке жұмыс*<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.<br>• Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>• Бүгінгі бұлттар қандай?<br>• Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>• Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br>Еңбек<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу<br>Қимылды ойын: **Жүгіріп қағып ал.**<br>Балалар ойын алаңында ортада тұрады. Тәрбиеші үлкен доппен балаларға қарама қарсы |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)<br>Еңбек<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>*Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзкарастарын тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: **Шарды ұста**<br>Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады, 10-15 сек. Ойын жалғасады.<br><br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | *Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?<br>*Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?<br>*Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?<br>Зерттеу жұмысы<br>Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?<br>Еңбек<br>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу<br>Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.<br>Қимылды ойын: **Құстың қауырсыны кімге барады.**<br>Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан — жаққа қаша жүгіреді, ойын жалғасады.<br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>- ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;<br>- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру<br>Қимылды ойын: **Ұшақтар**<br>Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.<br><br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.<br><br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша | тұрады.(қашықтығы1,5-2м)<br>Тәрбиеші « Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді<br><br>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Болғанбек Інжу қаламды дұрыс қолдануға үйрету.<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Алтай Асылымға түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті | Жеке жұмыс Қанат Бақдәулет<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал» | Ілесбек Шахмұханмедке<br>Жұмбақ:<br>Етек-жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай,<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт) | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Өзденбай Балымға қайшыны дұрыс қолдануға үйрету.<br>***Жапсыру***<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| **Балаларды** | «Бір-бірімізбен сәлемдесейік» ойыны | «Керісінше айт» ойыны<br>Мақсаты:Логикалық ойлай | Дидактикалық ойын:<br>«Ұқсастықты тап» | «Сөйлемді толықтыр» ойыны<br>Мақсаты:Ойлау жылдамдығын, сөй- | Дидактикалық ойын:<br>«Бұл қай мезгіл?» |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ң іс-әрекеті ( ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек,қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)** | Мақсаты:Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі дамиды. | алады,қарама-қарсы мағынасы бойынша айтады. | Мақсаты:Заттардағы ұқсастықты табады және өз дәлелін негіздей отырып айта алады. | леу белсенділігін дамыту | Мақсаты:Төрт мезгілдің өзгерістерін ажыратады.Мезгілді рет-ретімен атайды. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут**   | **Өнегелі 15 минут**   | **Өнегелі 15 минут**   | **Өнегелі 15 минут**  | **Өнегелі 15 минут**  |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Мектепалды сыныбы**

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта** 10 - 14 наурыз 2024-2025 оқу жылы

**«Біртұтас тәрбие» Тәуелсіздік және отаншылдық айы «Апта дәйексөздері»- «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 10.03** | **Сейсенбі 11.03** | **Сәрсенбі 12.03** | **Бейсенбі 13.03** | **Жұма 14.03** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс**<br>Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау. | **Дидактикалық ойын**<br>«Бұл не? Кімге керек?»<br>**Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. | **«Әдемі үйшік»**<br>**Мақсаты:** Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. | **Нан туралы тақпақ**<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар! | **Үстел –үсті ойыны:**<br>«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:** Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру. |
| **Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну. |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар )** | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Санамақ**<br>Көпшілік қатысады.Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады.Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай,кідірмей аттап жүріп айтуы керек.Тоқтамай қателеспей айтып шықса,жүлде алады.Егер қателессе ойыннан шығады. | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Қарамырза**<br>Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» - | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Айдапсал.**<br>Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды.<br>Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Шертпек.**<br>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Белбеу соқ**<br>Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп жуап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады.<br>Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді | ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді | алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. | үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады |
| | | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | **«Менің Қазақстаным» ҚР гимні**<br>**«Кім шапшаң»**<br>**Мақсаты :** Балалар топтасып ойнай алады | **«Тәрбиеші апайлар»** тақпағын мәнерлеп оқу.<br>Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. | Тіл ұстарту жаттығулары<br>**«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. | **«Дүкенші»**<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. | **«Не артық»**<br>Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Міндеті**: - | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік?<br>**Міндеті:** - Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру.<br><br>«Сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Тіл ұстартуға ұйқас сөз тіркестерін айтамын, буыны жоғалған, сендер жоғалған буынды | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеті:** - Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру<br><br>Дидактикалық ойын: «Кім зерек?» – Балалар, көк, қызыл дөңгелектерді алыңдар да, үстел үстіне қойыңдар. Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, - | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынға бөлу<br>**Міндеті:** - Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.<br><br>– Балалар, бүгін бізге Жұмбақбай атай қонаққа келіпті. – Кімнің атасы бар? – Атаға қалай көмектесеміз? – Атаны қалай құрметтейміз? – Қарттар біздің ақылшымыз. Біз оларды қадірлеп күтеміз. «Қарт Жұмбақбай атайдың сендерге әкелген тапсырмасын, кәне, қалай шешеміз?» – деп, атайдың қоржынынан асықтарды алғызу | **Көркем әдебиет**<br>Наурыз<br>**Міндеті:** - Сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету. Мерекелік көңіл күйді сезіндіру. Анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу<br><br>Наурыз келді, балалар,<br>Көктеді қыр, жағалар.<br>Наурыз тойын тойлайық,<br>Жаңа жылда, балалар! – Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жалғап, толықтырып айтасыңдар. -яр-яр-яр – бізге берді ки-…яр, -тыр-тыр-ыр – керек бізге ба-….тыр, -кеш-кеш-кеш – түйеде бар екі өр-…кеш; -үй-үй-үй – домбырамен тарттық к- …үй; -ін-ін-ін – келді, міне, ақ ти-… ін; - қа-қа-қа – көлшікте отырған ба -…қа; -қы-қы-қы – кісінеді жыл-…қы; -тай-тай-тай- – біздің Арман кішкен-…тай; -са-са-са - ызылдайды сары ма-…са. 3-тапсырма «Сөзді бөл» дидактикалық ойыны – Мен сендерге қандай да бір заттардың суреттерін көрсетемін, сендер шапалақпен суреттегі бейнеленген затты буынға өз беттеріңмен бөлесіңдер. Мысалы: гүл, үстел, ит, түлкі, сиыр, себет, жылан, қызанақ, балта, дәптер,мал, жеміс, жидек, піл, пальто т.б. «Кім зейінді?» дидактикалық ойыны Педагог балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді. | а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -л-, -ж-. 139 Сөзбен жұмыс. «Сөзді өлшейік» дидактикалық жаттығуы – Алақандарыңды үстел үстіне қойыңдар, енді сөзді айта бастағанда алақанның арасын аша түсеміз. Алақанның арасы жақын болса, онда біз қысқа сөз өлшедік, ал алақанның арасы алшақ болса, онда ұзақ сөз өлшегеніміз. Мысалы: көз, жаз, кітапхана, дәріхана т.б. «Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог лақ, алма, тал сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды | арқылы балаларға тапсырмаларды орындату – Балалар, алған асықтарыңда сандар жазылған. Сол сандардың реті бойынша суретпен жұмыс жасаймыз. Педагог қоржыннан шыққан суреттерді тақтаға іледі. – 1-ші номерде қарбыз суреті екен. Қарбыз қайда өсетінін анықтап алайық. Бақта ма әлде бақшада ма? – Жарайсыңдар, бақшада өседі екен. – Қарбыз сөзін бөліп айтайық. Нешеге бөлінді? – Қар бөлігі – бірінші буын, быз бөлігі – екінші буын. – Қарбыз неше буыннан тұрады екен, әр буынын анықтап айтыңдар. – Қарбыз сөзі екі буыннан тұрады екен, өйткені «а», «ы» дыбыстары – дауысты дыбыстар. Яғни екі дауысты дыбыс, екі буынды құрайды. Педагог балалармен күнбағыс, қызылша, картоп, қауын, қияр сөздерін буындарға бөлгізіп, жұмыс жасайды. «Жемістерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам жеміс ойлап, буынға бөлу. Қай топ көп сөз ойлап буынға бөледі екен. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады. Мысалы: Ал-ма, ал-ша, а-нар, ал-мұрт, жү-зім, ө-рік, ба-нан, а-на-нас, ши-е, а-пель-син, ман да-рин т.б | Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз – жыл басы. Наурыз сөзі – жаңа күн, жаңа жыл деген мағынаны білдіреді. – Бүгін ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: сәске – түс мезгілі секілді – ұқсайды сары уыз – жаңа бұзаулаған сиырдың қоймалжың сүті Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлеңде не туралы айтылған? Өлең авторы кім? – Ағаштар қай мезгілде бүршік жарады? – Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады? – Қай уақытта малдар төлдейді? «Сары уыз» деген не? Дидактикалық ойын: «Не жоқ» (ойлау қабілетін дамыту) Шарты: балалар көздерін жұмады. Педагог бір ұлттық киімді жасырады. Балалар табады, атын атайды. Мысалы: сәукеле, тақия, камзол т.б. |

**«Үнемді тұтыну»-  Мақсаты: Суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру**
**Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу**

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ** Үнемдеу маңыздылығы: Энергияны дұрыс пайдаланбау климат өзгерісіне алып келеді. Электр қуатын үнемдеу табиғатты сақтап, өмірімізді жақсартуға көмектеседі.<br>Жадынама:<br>1.Қажет емес кезде жарықты сөндіріңіз. Теледидар, компьютерді күту режимінде қалдырмаңыз.<br>2. Энергияны үнемдейтін шамдар: Жарық шамдарын энергия үнемдейтін түріне ауыстырыңыз.<br>3. 4.Табиғи жарық қолдану. Құрылғыларды электр тоғына қосылған күйінде қалдырмаңыз.<br>5. Артық қуат тұтынатын құрылғыларды пайдаланбаңыз немесе жаңартыңыз.<br>6. QR СКАНЕРЛЕУ |   | **Нұсқаулықтар:**<br>1. Бөлмеден шыққан кезде жарықты өшіруді әдетке айналдырыңыз.<br>2. Қолданылмай тұрған кезде компьютер мен теледидарды өшіріп қойыңыз.<br>3. Энергияны үнемдейтін шамдарды қолдану арқылы электр энергиясын азайтыңыз.<br>4. Күндізгі уақытта терезелерді ашып, табиғи жарықты пайдаланыңыз.<br>5. Қолданбайтын электр құрылғыларын розеткадан ажыратып тастаңыз.<br>6. Энергияны көп тұтынатын құрылғыларды тексеріп, оларды тиімдірек модельдерге ауыстырыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>**Міндеті:** | **Математика негіздері**<br>Заттарды ұзындығы, ені, жуандығы бойынша салыстыру<br>**Міндеті:** -Шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету.<br><br>**«Белбеуді ал»** ойындық жағдаяты. Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Оларға 3-4 жұмсақ ойыншықтар беріледі. Ұзындығы мен ені әртүрлі бірнеше таспалар таратылады. Балалар белдіктерді таңдайды, сөйлеуде «ұзын – қысқа» сөздерін қолданады. Белдіктерді беттестіру мен қабаттастыру арқылы | **Математика негіздері**<br>Мен не білемін және не істей аламын?<br>**Міндеті:** -Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, үлгіден ұзынырақ (қысқа), және оған тең заттарды табуды үйрету<br><br>«Қандай цифр (фигура) жойылды» дидактикалық ойыны. Таныс цифрлардан сандық қатар түзіледі. Педагог балалардан көздерін жұмуды сұрайды («түн» шартты дабыл белгісін айтады), осы уақытта бір цифрды алып тастайды. Содан кейін балалар көзін ашып, қай цифр жоғалғанын атайды. Ойын фигуралармен қайталанады. Содан кейін Педагог «Артық, кем, тең» ойынын ұйымдастырады. Ол үшін ойыншықтар немесе санау материалдарының топтарын орналастырады және қай жерде артық, кем немесе тең екенін салыстыруды сұрайды. Балалар мұны санау негізінде де, | **Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар<br>**Міндеті:** -Геометриялық фигураларды: дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш тануға және атауға үйрету<br><br>1-тапсырма. Фигураларды ата. Суретті боя. Фигуралардың әр түрін сана. Тиісті цифрды қоршап сыз. Педагог суреттен геометриялық фигураларды тауып, оларды атауын сұрайды. Содан кейін балалар фигураларын әр түрін санайды, санын атайды және цифрды қоршайды. Жұпта, өзара тексерумен санауға болады. 2-тапсырма. Бастырып сыз. Орындамас бұрын педагог саусақ гимнастикасын жасауды ұсынады. Содан кейін торкөз ұяшықтардың бойымен сызықтарды бастырып сызады. Бұл әдістер балалардың қолдың ұсақ моторикасын және қимылдарды үйлестіруді дамыту үшін пайдаланылады. «Автобус» сергіту | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Менің елімнің салт дәстүрі Жаяу жүргіншілер ережелері **кір.10.03**<br>**Міндеті:** - Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Балаларға өздері білетін халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтқызу.<br>- Жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру.<br><br>**Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам.** «Бағдаршам» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) Интербелсенді тақтамен жұмыс: Балалар қандай жол белгілерін білетіндерін айтады, педагог толықтырады. Олар: автокөлікке арналған жаяу |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | салыстырады. «Қандай фигура жоғалды» дидактикалық ойыны. Таныс фигуралар қатары (4-5 дана). Педагог балалардан көздерін жұмуды сұрайды («түн» шартты дабыл белгісін айтады), осы уақытта бір фигура алып тастайды. Содан кейін балалар фигураларды қарап және жетіспейтін фигураны атайды. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Әр жұптан жіңішке затты белгіле. Ермексаздан жуан және жіңішке баялды жаса. Тапсырманы жуан және жіңішке көгөністерді жасаумен жалғастыруға болады. Бір табаққа қалың, ал екіншісіне жұқа көгөністерді сал. 2-тапсырма. Жіңішке қарындаштарды қораппен, жуан қарындаштарды стақанмен сызып қос. Боя. | элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы арқылы да жасайды. Тақтаға геометриялық фигуралардан құралған ағаштардың суреті ілінеді. Педагогтің үстелінде – көлемді фигуралардан жасалған құрылыстар тұрады. Геометриялық фигуралар елінде ағаштар да ерекше пішінге ие болады. – Қандай фигураларды көріп тұрсыңдар? Атаңдар.  Балалар суреттерге қарайды, геометриялық фигураларды атайды | сәті. Бірге мініп автобусқа отырдық. (Балалар жүресінен отырады.) Терезеге үңілеміз, қараймыз. (Басты оңға, солға кезек-кезек бұрады.) Шопырымыз, газ педалін басқанда. (Бір аяқпен қиялдағы педальды басады.) Автобуспен жүйткіп, құстай самғаймыз. (Шеңбермен жүгіреді, қолда қиялдағы руль.) 3-тапсырма. Фигураларды жаңа орынға орналастыр. Үлгі бойынша боя. Сызық бойымен фигураның қай жерде тұрғанын тауып, фигураларды жаңа жерге ауыстыру керек. Педагог фигураның белгілері мен оның түсін сұрайды. Балалар фигураларды үлгі бойынша бояйды. 4-тапсырма. Практикалық жұмыс. Таяқшалардан, жіптерден немесе ермексаздан фигуралар жаса. Педагог тапсырманы орындап болған балаларды топ ішінде жүріп, басқа балалардың қандай фигуралар жасағанын көруге шақырады | өтпе жол белгісі, жерасты жаяу жүргіншілер жол белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. – Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. –Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. Балалар жол жиегінде доп ойнап жүрген сурет арқылы жол жиегінде ойнауға болмайтындығын, жолдан бағдаршам арқылы, егер бағдаршам болмаған жағдайда «Жаяу жүргінші өтетін жер» белгісін тауып, сол жерден өту керектігін айтады. – Бағдаршамда неше түс бар? – Бағдаршамның үш түсі бар. –Сары түс жанғанда қозғалысты бастай беруге бола ма? Қызыл түс нені білдіреді? Жасыл ше? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Жаз мезгіліндегі, қыс мезгіліндегі жолдардың айырмашылығы неде? – Жазда жол құрғақ болады, қыста қар жауғандықтан тайғақ болуы мүмкін. – Қай мезгілде мәшине тез тоқтап үлгіреді, қыста ма, жазда ма? Неге? – Жазда. Өйткені қыста жол тайғақ болады. – Жаяу жүргіншілер жолы қалай аталады? – Жаяужол. Сөздік жұмыс: жаяужол. |

Сканировано с CamScanner

**Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» « Адай» күйі**
**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,**








**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ тілі<br><br>Міндеті: | **Қазақ тілі**<br>Саяхатшы ертегісі<br>Менің киімдерім<br>**кір.10.03**<br>**Міндеті** : -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдау<br>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру<br><br>Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).<br>– Көйлек неге артық?<br>– Көйлек – киім.<br>– Сендерде қандай киім бар?<br>Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру.<br>– Көйлек, шалбар, жейде – нелер?<br>– Көйлек – киім.<br>Шалбар – киім. Көйлек, | **Сөйлеуді дамыту**<br>Менің аннам<br>-Мамандықтың бәрі жақсы **кір.10.03**.<br>**Міндеті**: -Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану<br><br>-Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту<br><br>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».<br>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады<br>Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты.<br>Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты.<br>Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».<br>Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай | **Көркем әдебиет**<br>*Әже*<br>**Міндеті:** -Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Отбасын құрметтеуге тәрбиелеу<br><br>Мені жақсы көреді,<br>Күндей күліп келеді.<br>Көп ертегі біледі,<br>Маған айтып береді.<br>– Біз кім туралы тақпақ айттық?<br>(Әже туралы)<br>– Әже қандай адам? Әженнің есімі кім? Әжең сені қалай еркелетеді?<br>Педагог балалардан жақында қандай мереке келе жатқанын сұрайды. – Көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі. – Бүгін ақын Әубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең авторы кім? Өлең кімге арналған? Әже баланы қалай оятады?<br>– Әже қандай киім киеді? Бала | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>Наурыз ашық хаты<br>**Міндеті** : - анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу<br>- Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау<br>– Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию<br>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жейде, шалбар – киімдер.<br>Мынау – ұзын жең жейде Мынау қандай жейде?<br>Мынау – ұзын жең жейде.<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Мынау қандай көйлек?<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Сөйлемдерді айтып жаттығады.<br>Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу.<br>Ең-ең-жең. Ұұұзын жең.<br>Қа-қа-қысқа – қысқа жең | аталатыны туралы айтып береді | әжесіне қандай тілек тілейді? – Сен әжене қандай сөздер айтар едің? 80 Сөздік жұмысы: кимешек – әйел аламның ұлттық басқиімі жаулық – кимешектің сыртынан тартатын орамал | келісіп атқару<br>**Топтық жұмыстар** |

**Қауіпсіздік сабағы : «АБАЙЛАҢЫЗ,ТЕРЕЗЕ!»**

**Мақсаты: балаларға жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін, терезелердің жанында өзін ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
| Терезелераддындағықауіптер: Педагог қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда терезелер қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Мысалы, «Егер сіз ашық терезеге тым жақын болсаңыз, құлап кетуіңіз мүмкін», «Тереземен ойнауға немесе терезе үстінде/алдында секіруге болмайды». Терезе маңындағы тәртіп ережелері: 1-ереже. Ешқашан ашық терезеге жақындамаңыз.Түсіндіру: «Егер терезе ашық болса, одан аулақ болыңыз».2-ереже. Терезе үстінде/алдында ойнамаңыз. Түсіндіру: «Терезенің алдында ойнауға болмайды, тайғақ болып, құлапқалуыңыз мүмкін». 3-ереже. Ересектердің рұқсатынсыз терезелерді ашпаңыз. Түсіндіру: «Терезені ашпас бұрын үлкендерден рұқсат сұраңыз». 4-ереже. Егерсіз ашық терезені көрсеңіз, ересектерге айтыңыз. Түсіндіру: «Егер сіз ашық терезені байқасаңыз, бұл туралы дереу ересектерге айтыңыз». «Қауіпсіз терезелер» бейнероликін көрсету Бейнероликті талқылау және «Терезенің жанында не істеуге болмайды» ойынын ойнау: Тәрбиеші әртүрлі әрекеттерді атайды (мысалы, «Ашық терезеге бару», «Терезеде ойнау», «Терезеден қарау»), балалар аталған әрекеттерді істеуге болатынын немесе болмайтынын айтуы керек. Болмайтын болса, «Болмайды!» деп себебін түсіндіреді. | **Пайдалы сілтемелер:**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=w4ZO1NXCl9E&list=PLA5eCSY2FeoQFtm Gao7lWQuIA-hK_6ODD&index=1**<br>**https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp**<br><br> | <br><br> |

Сканировано с CamScanner

| 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br><br>**Міндеті:** | **Музыка**<br>Ана – өмір шырағы<br>**Міндеті :** - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)<br>Ән айту:<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)<br>«Полька» (эстон халық биі)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов) | **Дене тәрбиесі**<br>Бізбен бірге және бізден артық орында<br>Ұлттық ойындар . **кір.10.03**<br>**Міндеті:** -Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру<br>-Ұлттық қимылды ойындарды ойнату<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шарбақ» (4рет).<br>Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстанып, төрт-төрттен бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады.<br>Орыс халық әуендерімен әр қатар қарама-қарсы қатардағы балаларға барып иіледі. Сосын өз орнына қайтып келеді. Көңілді әуен басталғанда бар білетін қимылдарын жасап, балалар шашырап, секіріп билей бастайды. Музыка тоқтай қалғанда әр қатар өз орнына қатарға тұра қалуы керек. Олар айқастырып қол ұстасып, «шарбақ тоқиды».<br><br>«Тентек доп» – армян халқының ойыны. (4 рет).<br>Ортаға диаметрі 3-4 м үлкен шеңбер сызады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ шеңбер ішіне кіреді, екінші топ шеңбер сыртына бір-бірінен бірдей арақашықтықта орналасады. Жүргізушіден доп алған соң, сырттағы ойыншылар – шабуылшылар<br>шеңберден асырып, бір-біріне доп лақтыра бастайды. Допты үш рет лақтырғаннан кейін барып қана шабуылшылар шеңбер ортасындағы қорғаушыларды ата бастайды. | **Дене тәрбиесі**<br>Эстафета<br>**Міндеті:** -Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу<br><br>***«Тақиятастау»***<br>Көлденен нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады.<br>Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады<br><br>«Дегелек» ойыны.<br>Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды | **Музыка**<br>Домбыра сазы<br>**Міндеті:** - Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.<br><br>**Музыка тыңдау**:<br>«Келіншек» қ.х.к. (өңд. Б. Дәлденбай)<br>Ән айту:<br>«Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Айна» орыс х.ә. (өңд М. Раухвергер)<br>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар. хороводтар:<br>«Қос дабыл» (А. Райымқұлова)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников) |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қорғаушылар болса, тек үстілерінен үш рет доп өткен соң ғана одан қашып, тигізбейді.<br>Бірақ, допты қағып алуға тырысады.<br>Қорғау сәтті өтсе, ойыншылар рөлдерін ауыстырады | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | | | |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Наурыз**<br>Серуен-Бақылау №6<br>**Серуен бақылу:**<br>Қарды бақылау<br>Мақсаты:<br>— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>— Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»<br>Ш. Ахметов<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп,<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашап,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?<br>*Неге бұл жердің қары еріп жатыр? | **Наурыз**<br>**Серуен**-Бақылау **№7**<br>**Серуен бақылу:**<br>Шырша ағашын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;;<br>— Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;<br>— Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін асыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен, жасыл шырша.<br>Өзгермейсің қыс келсе де,<br>Бояынды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып, тістесе | **Наурыз**<br>**Серуен**-Бақылау **№8**<br>**Серуен бақылу:**<br>Су тамшыларын бақылау<br>Мақсаты:<br>—температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, | **Наурыз**<br>Серуен-Бақылау №9<br>**Серуен бақылу:**<br>Күнді бақылау<br>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр тараткан. (күн)<br>Алауға оранып,<br>Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады. (күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды.<br>Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>Зерттеу қызметі<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға | **Наурыз**<br>Серуен-Бақылау №9<br>**Серуен бақылу:**<br>Күнді бақылау<br>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр тараткан.<br>(күн)<br>Алауға оранып,<br>Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады.<br>(күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды.<br>Шөптер өсе бастайды.<br>Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады? |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Халық болжамдары бар: қар үлпалары ірілесе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>Зерттеу жұмыстары<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу.<br>Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?<br>Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету.<br>Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар».<br>Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүгіре білулерін дамыту.<br>Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу.<br>Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.<br>Еркін ойындар балалардың қаалауы бойынша | ле.<br>Жапырағынды тоңдырмайсың.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?<br>Тәрбиеші әңгімесі:<br>Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш.<br>Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.<br>Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.<br>Зерттеу жұмысы:<br>шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау.<br>Еңбек: шырша | әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦ Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>Еңбек<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>—Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүгіре білу дағдыларын бекіту.<br>Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады<br>Еркін ойындар балалардың қаалауы бойынша | қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>Еңбек<br>Ойын аланы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>Қимылды ойын «Күн мен түн».<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>Мақал-мәтел:<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркiресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.<br>**Еркін ойындар балалардың қаалауы бойынша** | *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>Зерттеу қызметі<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>Еңбек<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>Қимылды ойын «Күн мен түн».<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>Мақал-мәтел:<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркiресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.<br>Еркін ойындар балалардың қаалауы бойынша |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ағашының айналасын тазалау.<br>Мақсаты ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын: Доппен ойын<br>Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту..<br>Жаттығу ойыны<br>Доппен жаттығу.<br>Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>-Орман ел дәулеті, жер сәулеті.<br>-Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.<br>Еркін ойындар балалардың қаалауы бойынша | | | |
| Серуеннен оралу | Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Жеке баламен жұмыс:**<br>**Ыдырысбек Кенесары**<br>«Қоржынды сәндейміз»<br>**Мақсаты**: Қазақтың үй бұйымы – коржынмен таныстыру, коржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:**<br>**Алтай Асылым**<br>«Отбасының күзгі еңбегі»<br>**Мақсаты:**<br>Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу.<br>Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті | **Жеке баламен жұмыс: Өзденбай Балым** құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Оразханқызы Ұлжан қаламды дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:**<br>**Балғанбек Ілияс**<br>«Автобус»<br>**Мақсаты:** Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| **Балалардың іс- әрекеті (** | **Ойын:"Кесіртке"**<br>**Мақсаты**: балаларды ойынның | **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР** | **Ойын:"Күн мен түн"**<br>**Мақсаты:** балаларды ойынның | **Ойын: «Торғайлар мен мысық»**<br>**Мақсаты**: балаларды ойынның | **Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
